



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижесі

(салалар: тау-кен өндіру өнеркәсібі және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы)

2025 жылғы I тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Ақша-кредит саясаты департаменті

## Жалпы ақпарат

### I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

### II. Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

## Қорытынды

**Пікіртерім жөніндегі мәлімет**


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардың бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2025 жылғы 1-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3 450

**Іріктеме туралы мәлімет**

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 230
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 789
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 323
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 950
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 263
Ауыл шаруашылығы	➤ 190

**Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы** ➤ **2 745**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2025 жылғы 1-тоқсанда іріктеменің жартысынан астамын **тау-кен өндіру өнеркәсібі (64,3%)**, **ауыл шаруашылығы (62,1%)**, **құрылыс (58,5%)** және **өңдеу өнеркәсібі (57,3%)** салаларындағы ірі және орташа кәсіпорындар құрады.


**Көлік пен қоймада сақтауда** іріктеменің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындардан **(46,0%)** тұрады. Осындай кәсіпорындардың ең төмен үлесі **саудада (22,2%)**.

2025 жылғы 1-тоқсанда бәсекелестіктің маңыздылығы құрылыста ғана артты.


**Сауда** нарықтық бәсекелестік барынша әсер ететін сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың **43,4%**-ы оның өз бизнесіне әсерін сезінуде.

**Өңдеу өнеркәсібінде** мұндай кәсіпорындардың үлесі **35,5%**, **көлік пен қоймада сақтауда – 24,0%**, **құрылыста – 22,3%**, **ауыл шаруашылығында – 20,5%**, ал **тау-кен өндіру өнеркәсібінде 11,3%** болды.


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



### 3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін шектеуші факторлар, %



### 4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2025 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындарға бизнесті жүргізуде мыналар:

- сауда және өңдеу өнеркәсібі үшін **нарықтық бәсекелестік**;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс үшін **салық ауыртпалығының деңгейі**;
- ауыл шаруашылығы үшін **білікті кадрлардың жетіспеушілігі**;
- құрылыс, көлік және қоймада сақтау үшін **экономиканың жай-күйі** негізгі кедергі болды.

Алдағы 12 айда барлық салалар бойынша инвестицияларды қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте тау-кен өндіру өнеркәсібінде (12,9%) ең көп өсім күтілуде. Инвестициялардың қысқаруы бойынша ең теріс күтулер ауыл шаруашылығында (13,7%) қалыптасты.


**5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)**




Тау-кен өндіру өнеркәсібінен (АҚШ доллары басым) басқа барлық салада Ресей рублі басым.

2025 жылғы 1-тоқсанда есеп айырысуда теңгені тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары барлығынан көп пайдаланды – 21,7%.

**6-график. Теңге бағамының Ресей рубліне қатысты өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




**7-график. Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**



2025 жылғы 1-тоқсанда теңгенің бағамы **Ресей рубліне** қатысты өзгеруінің теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін ұлғайды. Теңге бағамының **АҚШ долларына** қатысты өзгеруінің теріс әсері құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары үшін ғана ұлғайды.

\* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Кредиттеу шарттары қолайлы деңгейден жоғары кәсіпорындардың үлесі, %



1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қолжетімді	нақты	қолжетімді
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	17,5	5,5	5,9	2,4
Өңдеу өнеркәсібі	15,4	6,6	4,7	3,0
Құрылыс	18,7	7,8	7,3	3,6
Сауда	18,6	9,1	5,9	3,8
Көлік және қоймада сақтау	19,8	7,0	6,2	3,3
Ауыл шаруашылығы	13,3	6,3	5,0	3,0

9-график. Кредит алуы көздеген кәсіпорындар, %




2025 жылғы 1-тоқсанда саудадан басқа барлық салаларда банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындардың үлесі төмендеді. Кредиттеу шарттары тиімді деңгейден жоғары болған кәсіпорындардың ең көп саны ауыл шаруашылығына (16,8%), ал ең азы саны - тау-кен өнеркәсібіне (11,7%) тиесілі.


Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме көлік және қоймада сақтау саласында (19,8%), ал шетел валютасында – құрылыс саласында (7,3%) байқалды.

2025 жылғы 2-тоқсанда кредит алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (23,6%), ал ең аз үлесі көлік пен қоймада сақтау саласына (8,7%) тиесілі.

10-график. Орташа өлшемді\* кредиттік жүктеме\*\*, %




11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен\*\*\* берешегі бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны

Кредит алғандар



Ала алмағандар



- Тау-кен өндіру өнеркәсібі
- Құрылыс
- Көлік және қоймада сақтау

- Өңдеу өнеркәсібі
- Сауда
- Ауыл шаруашылығы

2025 жылғы 1-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі саласындағы орташа өлшемді кредиттік жүктеме (12,9%) басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең аз мәні ауыл шаруашылығы саласында (6,8%) байқалды.

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі құрылыстан басқа барлық салаларда ұлғайды.

2025 жылғы 1-тоқсанда барлық саладағы пікіртерімге қатысқан 22 кәсіпорынға кредит беруден бас тартылды.

\*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні

\*\* Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс \* 100

\*\*\* 90 күннен астам




# Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

## Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ\*

14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ



16-график. Сауда, ДИ

17-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ

18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс      — Дайын өнім бағасы      — Шикізат бағасы

2025 жылғы 1-тоқсанда тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінен басқа барлық салаларда дайын өнімге сұраныс артты. 2025 жылғы 2-тоқсанда құрылыстан басқа барлық салаларда сұраныстың ұлғаюы күтілуде.

2025 жылғы 1-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда және ауыл шаруашылығы салаларында дайын өнім бағасының өсуінің жеделдеуі байқалды. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібіндегі шикізат пен материалдар бағасының өсуі жеделдеді.

2025 жылғы 2-тоқсанда барлық салаларда шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының баяулауы, сондай-ақ дайын өнім бағасының өсу қарқынының баяулауы күтіледі.


\*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

\*\* 2025 жылғы 2-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

# Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

## Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі


19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі\*, %



2025 жылғы 1-тоқсанда **өндірістік қуаттың** орташа өлшемді жүктемесі (ӨҚЖ) көлік пен қоймада сақтау, өңдеу өнеркәсібінде ұлғайды. ӨҚЖ-ның деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде жоғары (59,5%).

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде жағдай өте жақсы, мұнда ӨҚЖ (**ӨҚЖ**>=90%) барынша жоғары кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек.

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2025 жылғы 1-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



\* Орташа өлшемді өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша өлшенген аралықтың орташа мәні.

\*\* Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

# Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

## Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

**2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалық мәні\***

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**, %	ӨҚК	ААҚУ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,30	1,58	0,14	35,9	0,51	53,2
Өңдеу өнеркәсібі	1,47	1,53	0,20	22,5	0,41	64,5
Құрылыс	1,11	1,21	0,14	18,3	0,23	73,7
Сауда	1,22	1,20	0,32	21,9	0,26	79,8
Көлік және қоймада сақтау	1,29	1,75	0,15	37,0	0,50	41,5
Ауыл шаруашылығы	1,43	1,33	0,10	13,6	0,39	43,4

2025 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мынадай болып қалыптасты:

- өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының өтімділігі барынша жоғары (**АӨК=1,47**) ;
- көлік пен қоймада сақтау кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті болып табылады (**ЖТҚК=1,75**);
- саудадағы іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**ААК=0,32**);
- көлік пен қоймада сақтау кәсіпорындары ең тиімді (**СР=37,0%**), ал ауыл шаруашылығы аса тиімді емес (**СР=13,6%**) болып қалды;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі (**ӨҚК=0,51**), көлік пен қоймада сақтау (**ӨҚК=0,50**) кәсіпорындарының өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары;
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (**ААҚУ=79,8%**).

**3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары**

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) МК – меншікті капитал	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді


\*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

\*\* Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі


# Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

## Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



— Тау-кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қоймада сақтау — Ауыл шаруашылығы

2025 жылғы 1-тоқсанда көлік пен қоймада сақтау саласындағы кәсіпорындардың ғана өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу мүмкіндігі жақсарды (АӨК ұлғайды). Инвестицияларды өз қаражаты есебінен қаржыландыру мүмкіндігі (ӨҚК) тау-кен өндіру өнеркәсібінде, саудада және құрылыста төмендеді.

Барлық салада іскерлік белсенділіктің (ААК) нашарлағаны байқалды. Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі (ЖТҚК) көлік пен қоймада сақтау, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында артты.


\* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

\*\* Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (11-бет)


# Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

## Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сату көрсеткішінің орташа рентабельділігі\*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы\*, %



27-график. Қаржылық жылды табыспен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



Сату рентабельділігі (салық салғанға дейін және пайыздар мен амортизация төлеу бойынша шығыс шегерілгенге дейін) 2025 жылғы 1-тоқсанда саудада ғана жоғарылады. Көлік сату және қоймада сақтау рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржы жылын зиянмен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібінде жоғары (11,3%).

Қаржы жылын пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі (50,8%) саласының бағалауы барынша жоғары.

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі жылды зиянмен аяқтауды күтетіндердің үлесінен көп.

\*Орташа арифметикалық мәннің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

# Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау


## Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.б. өзара есеп айырысу бойынша мерзімі өткен берешек жағдайы өзгерді. 2025 жылғы 1-тоқсанның нәтижелері бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық және кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі шамалы (**23,7%-дан 23,9%-ға дейін** және **19,7%-дан 20,5%-ға дейін** сәйкесінше) аздап ұлғайды. Мұндай көрсеткіштердің ең үлкен мәні тау-кен өндіру өнеркәсібінде байқалады.

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




# Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

## Еңбекақымен және жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі<sup>1</sup>, ДИ<sup>2</sup>



31-график. Қызметкерлер санындағы өзгеріс<sup>3</sup>, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі<sup>4</sup>, %



2025 жылғы 1-тоқсанда **өндіріс көлемінің** құрылыс саласында ғана ұлғайғаны байқалды. 2025 жылғы 2-тоқсанда құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда, барлық салаларда өндіріс көлемінің ұлғаюы күтілуде.

Жұмыспен қамтылғандар саны өңдеу өнеркәсібінде ғана аздап өсті.

2025 жылғы 1-тоқсанда өз қызметкерлерінің **жалақысын төмендеткен** кәсіпорындардың саны көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы және тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларында ұлғайды. 2025 жылғы 2-тоқсанда жалақы жағдайы құрылыстан басқа барлық салаларда жақсарады.

<sup>1</sup> Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

<sup>2</sup> ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

\* Графиктерде 2025 жылдың 2-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

<sup>3</sup> Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (сауданы қоспағанда)

<sup>4</sup> Маусымдық тазартылған деректер (тау-кен өндіру өнеркәсібін, сауданы, көлікті және қоймада сақтауды қоспағанда)

- **Бәсекелестіктің** неғұрлым ең жоғары **деңгейі әлі де** саудада **сақталуда**.
- Тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібін қоспағанда, барлық салаларда **дайын өнімге сұраныс** өсті.
- 2025 жылғы 1-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда және ауыл шаруашылығы салаларында **дайын өнім бағасының** өсуі жеделдеді. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібіндегі **шикізат пен материалдар бағасының** өсуі жеделдеді.
- 2025 жылғы 2-тоқсанда барлық салаларда **шикізат пен материалдар**, сондай-ақ **дайын өнім бағасының** өсу қарқынының баяулауы күтілуде.
- 2025 жылғы 1-тоқсанда **өндіріс көлемі** құрылыс саласында ұлғайды. 2025 жылғы 2-тоқсанда құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда, барлық салаларда өндіріс көлемінің ұлғаюы күтілуде.
- Көлік және қоймада сақтау, өңдеу өнеркәсібі салаларында **өндірістік қуаттың орташа өлшемді жүктемесі** артты. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндірістік қуат жүктемесінің неғұрлым жоғары деңгейі сақталуда.
- 2025 жылғы 1-тоқсанда **сатудың рентабельділігі** саудада өсті. Көлікте және қоймада сақтауда сатудың рентабельділігі басқа салаларға қарағанда жоғары.
- Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа (АҚШ доллары басым), барлық салаларда басым. 2025 жылғы 1-тоқсанда теңге бағамының **Ресей рубліне** қатысты өзгеруінің теріс әсері барлық салалардың кәсіпорындары үшін ұлғайды. Теңге бағамының **АҚШ долларына** қатысты өзгеруінің теріс әсері құрылыс және тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары үшін ғана ұлғайды.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық және кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі шамалы ұлғайды.